**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «№11 ЖББМ»КММ жанындағы мектепке дейінгі шағын орталығы**

**Топ «Балбөбек » әртүрлі жас**

**Балалардың жасы 2 жастағы балалар**

**Жоспар қандай кезеңге жасалды (29.01.-02.01.2024ж) 1-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу.<br>**«Бес саусақ» жаттығуы**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық, екеуміз.<br>Бас бармағым - папам,<br>Балаң үйрек - апам.<br>Ортан терек - ағам<br>Шылдыр шүмек - мен<br>Титтей бөбек - сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(танымдық)** | Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу.<br><br>**«Түлкі мен қоян»**<br>Түлкі қатты жортады,<br>«Аб-абтан» ол қорқады.<br>«Көлеңкемнен кетем» - деп,<br>Қоян зытты секеңдеп.<br>**(коммуникативтік ,танымдық)** | Балаларды жақсы көңіл - күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>**«Саусақ» жаттығуы**<br>Бала, бала, балақай,<br>Қол соғайық, алақай!<br>Бір,екі,үш деп айтайық,<br>Саусақтарда тартайық.<br>Жалқау бала болмайық,<br>Қолды қысып, ойнайық.<br>**(коммуникативтік)** | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Демді ішке тартайық<br>Енді «Ү-п» деп айтайық.<br>Демді шығар қайтарып.<br>**(шығармашылық)** | Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>Балаларға тақпақты қайталату арқылы қимылдар жасау.<br>**«Ормандағы аю» ойыны**<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>**(шығармашылық, көркем әдебиет)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Әтеш айқасы»**<br><br>Міндетіы: Белсенді | **«Мысық пен тышқан»**<br>Міндетіы: | **Көркем сөз:**<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын... | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Бақа мен тырна»** | **«Саусақ жаттығуы»**<br>Бас бармағым – алғашқы,<br>Балаң үйрек – жалғасы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | қимыл қызметіне қызығушылығын, жалпы төзімділігін, жылдамдық, пәрменділік қасиеттеріне тәрбиелеу. **(денсаулық, коммуникативтік)** | Балаларды жеңіл жүгіруге, бір-бірін итермеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, тәрбиешінің белгісі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету, шыдамдылыққа, ұйымшылдықққа тәрбиелеу. **(денсаулық, коммуникативтік)** | Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>**Қимылды ойын: «Аяз»**<br>Міндетіы: Тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**(денсаулық)** | Міндетіы:<br>Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым -қатынасқа тәрбиелеу.<br>**(денсаулық, коммуникативтік)** | Ортан терек – ағасы,<br>Шылдыр шүмек – нағашы,<br>Кішкентай бөбек – балақан,<br>Бәріне ортақ – алақан. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Картотека № 12**<br><br>**«Көңілді құстар»**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ;<br>1-4 қолды екі жанға созып, жоғары – төмен көтеріп түсіру;<br>5-6 б.қ;<br>Б.қ. «Мысық жоқпа?»<br>1-4 басты оңға, солға бұру;<br>5-6 б.қ;<br>Б.қ. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; (3рет)<br>5-6 б.қ.<br>Шашырап жүгіру; | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,<br>Көркем сөз «Бата»<br>Дастарқаныңа береке берсін!<br>Бастарыңа мереке берсін!<br>Астарыңа адалдық берсін!<br>Бастарыңа амандық берсін! Әумин<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б.<br>«Топ-топ»<br>Топ-топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн<br>Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады)<br>(коммуникативтік)</td><td>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау,<br>Көркем сөз:<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>Қимылды ойын: «Аяз»<br>Міндетіы: Тез жүгіруге жаттықтыру.<br>(денсаулық)</td><td>«Бала, бала, балапан»<br>Бала, бала, балапан<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Бала, бала, балапан<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>(денсаулық)</td><td>Сурет салу «Сағат»<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір.<br>Оң аяқ, сол аяқ,<br>Жаттығу оңай-ақ.<br>Сағаттың суретін саусақпен салу.<br>(коммуникативтік)</td><td>«Жаттығулар жасайық»<br>Тез қозғалып осылай<br>Жаттығулар жасайық.<br>Жақсылықты үйреніп,<br>Жамандықтан қашайық.<br>(танымдық)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі</td><td></td><td>Дене шынықтыру<br>"Шынықсақ –</td><td>Музыка<br>"Электроника әлемі".</td><td>Дене шынықтыру<br>"Пингвин ұқсап</td><td>Дене шынықтыру<br>"Пингвинмен жаттығу</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | шымыр боламыз!" Міндеті- Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру | Міндеті- Балаларда әуенді есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; | жүрейік". Міндеті- Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстатып жүргізу және жүгірту; | жасайық". Міндеті- Балаларды бір қатарға сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалауларды ұстатып жүргізу және жүгірту |
| **2-ші таңғы ас** | 2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | **Шетенді бақылау.** Міндеті- Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. **(зерттеу)** | **Шыршаларды бақылау.** Міндеті- Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **(зерттеу)** | **Қардың жауғанын бақылау.** Міндеті- Маусымдық құбылыс - қардың жауын туралы білімдерін бекіту. **(зерттеу)** | **Қардың тереңдігін бақылау.** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен | **Терезедегі қырауды бақылау.** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**(зерттеу)** | Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**(зерттеу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Торғай мен мысық»<br>Міндетіы: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**Ас алдында айтылатын тақпақ:**<br>Ас дегенде отырып,<br>Тәрбиешіні тыңдаймыз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Орнымызды жинаймыз. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Бала, бала, балақан» Музыка | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). | | | | |
| **кешкі ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Қимылды ойын:**<br>«Ақ қоян»<br>Міндетіы: балаларды ептілікке баулу.<br>Қоянның суретін салу.<br>**(денсаулық,**<br>**шығармашылық)** | **Қимылды ойын:**<br>**«Қай қолымда көп»**<br>Міндетіы: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық)** | **«Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>Міндетіы: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық)** | **«Сипаттамасы бойынша тап»**<br>Міндетіы: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. | **«Шынығамыз»**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>**(денсаулық)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Секіреміз топ-топ»**<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,<br>Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.<br>Кербез,Аманат | **«Қандай пішін жетіспейді?»**<br><br>Міндетіы: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.<br>Асылым,Аделин | **«Сиқырлы қап»**<br>Міндетіы: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.<br>**Жасулан, Катя** | **«Кім шапшаң?»**<br>Міндетіы: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.<br>Аяна,Лилия | **Қимылды ойын:**<br>«Ордағы қасқыр»<br>Міндетіы: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>Нурали, Мансур |
| **Жобалық жұмыстар** | **«Әжемнің сандығындағы ертегілер»**<br>**Міндетіы:** Қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы балаларды туған өлкенің, мемлекеттің мәдениетімен таныстыру моделін әзірлеу. Балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітірген, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті ұлттық сана сезімін ояту басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Бауырсақ ертегісі | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу | | | | |
| **Серуен** | **Еңбек:** Аққала жасау.<br>Міндетіы: қармен жұмыс істеуге үйрету. | **Көркем сөз:**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Міндетіы:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. | **Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау.<br>**«Сақина»**<br>**Міндетіы:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу | **Дербес ойындар:**<br>1.Әткеншек тебу.<br>2.Ирек жолмен жүру.<br>**Қимылды ойын**:<br>«Допты қуып жет».<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. | **Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**<br>1.Жарысу.<br>2.Төбешікке секіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Тышқан мен мысық».**<br>**Міндетіы:** Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Қай жерде шырылдады?»** Міндетіы: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. **(коммуникативтік)** | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»** дидактикалық ойын **Міндетіы:** ойлау қабілетін арттыру. | **«Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның міндетіы: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. **(танымдық)** | **«Вагондарға дөңгелек таңдау»** Ойынның міндетіы: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. **(шығармашылық)** | **«Бізге кім келгенін тауып ал»** Міндетіы: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. **(коммуникативтік)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | Өзара дербес әрекеттер | Ата-аналарға кеңес: Балалардың тазалағы жәйлі әңгімелесу | Өзара дербес әрекеттер Мультфильм көруді қарастыру | "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «№11 ЖББМ»КММ жанындағы мектепке дейінгі шағын орталығы**

**Топ «Балбөбек » әртүрлі жас**
**Балалардың жасы 2 жастағы балалар**
**Жоспар қандай кезеңге жасалды (05.02.-09.02.2024ж) 2-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **«Сақинаны кигізу»** үстел-үсті ойыны **Міндетіы:** сақиналарды тұғырға кигізу арқылы саусақ қимылын, көзбен бағдарлай алуын дамыту. | **«Қуыршақ Әйгерім мен Динара балаларда қонақта»** Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету, (ы-і) дыбысын қайталату, дұрыс айтылуын жаттықтыру. **(коммуникативтік)** | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.** Міндеті- Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** Міндеті- Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Міндеті- Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(танымдық, коммуникативтік, денсаулық)** | қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(коммуникативтік, денсаулық)** | әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(танымдық)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Картотека № 12**<br>**«Көңілді құстар»**<br>Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ;<br>1-4 қолды екі жанға созып, жоғары – төмен көтеріп түсіру;<br>5-6 б.қ;<br>Б.қ. «Мысық жоқпа?»<br>1-4 басты оңға, солға бұру;<br>5-6 б.қ; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; (3рет)<br>5-6 б.қ.<br>Шашырап жүгіру; | | | | |
| **Таңғы ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.<br>**Нан туралы тақпақ**<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар!<br>**Міндетіы:** Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.**<br>Міндеті- Педагогті мұқият тыңдауға, кеңістікті бағдарлауға, жүгіру кезінде ептілікті дамыту іскерліктерін жетілдіру. | **"Бауырсақ" музыкалық мюзикл.**<br>Міндеті- Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету. | **"Допты досыңа бер" қимылды ойын.**<br>Міндеті- Қимылдарды ырғақты түрде орындау қабілетін дамыту, допты белгі бойынша беру, денені оңға және солға бұру, қозғалмалы нысанаға лақтыру, лақтыру және жүгіру, шеңберге салу дағдыларын бекіту. | **"Кенгуру" қимыл ойыны.**<br>Міндеті- Балаларға бір орында екі аяқты қосып секіруді, екі аяқпен секіріп жүгіруді үйрету. | **"Бауырсақ кімнен қашты?" жаттығуы.**<br>Міндеті- Балаларға таныс ертегі кейіпкерлерінің суреттеріне қарап отырып, ертегі мазмұнынын есте жаңғыртуды үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>"Велосипед".<br>Міндеті- Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалатуға жаттықтыру; допты домалату кезінде көздеп, дәл лақтыра | **Музыка**<br>"Домалайды доп".<br>Міндеті- Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін | **Дене шынықтыру**<br>"Біз мықты боламыз".<br>Міндеті- Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту іскерліктерін қорытындылау; | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсын денеміз".<br>Міндеті- Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білу қабілетін жетілдіру; допты қолмен ыңғайлы ұстай білу дағдыларына машықтандыру. | қалыптастыру; | | |
| **2-ші таңғы ас** | 2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру.<br>**«Жуыну»** тақпағын қайталату.<br>Беті қолымды жуамын,<br>Шашымды тараймын.<br>Бақытты боламын,<br>Сымбатты боламын.<br>Әрқашан тазамын,<br>Бәрінен озамын. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | **Көркем сөз:** Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Міндетіы:** Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. | **Бұлтты бақылау.**<br>**Міндетіы:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату**.**<br>**Міндетіы:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**(зерттеу)** | **Дидактикалық ойын:** «Қыста не киеміз?»<br>**Міндетіы:** Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>**Қимылды ойын:** «Аттамақ».<br>Міндетіы:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. | **Көркем сөз:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Міндетіы:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру | **Көркем сөз**:<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Міндетіы:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Торғай мен мысық»<br>Міндетіы: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау<br>«Үй жануарлары» Әңгіме | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). | | | | |
| **Кешкі ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Қай жерде шырылдады?»**<br>Міндетіы:<br>Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>**(коммуникативтік)** | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»**<br>дидактикалық ойын<br>**Міндетіы:** ойлау қабілетін арттыру. | **«Дәл осындай пішінді тап»**<br>Ойынның міндетіы:<br>геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>**(танымдық)** | **«Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>Ойынның міндетіы:<br>геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық)** | **«Бізге кім келгенін тауып ал»**<br>Міндетіы: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру.<br>Кебір заттардың аттарын бекіту.<br>**(коммуникативтік)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қимылды ойын:**<br>«Үйсіз қалған қоян»<br>Міндетіы:Ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>Дайр,Ислам | **«Қандай пішін жетіспейді?»**<br>Міндетіы:<br>Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.<br>Кербез,Аманат | **«Сиқырлы қап»**<br>Міндетіы: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.<br>**Асылым,Аделин** | **«Кім шапшаң?»**<br>Міндетіы: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.<br>Жасулан,Екатерина | **Қимылды ойын:**<br>«Ордағы қасқыр»<br>Міндетіы:секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>Аяна, Лилия |
| **Жобалық жұмыстар** | **«Әжемнің сандығындағы ертегілер»**<br>**Міндетіы:** Қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы балаларды туған өлкенің, мемлекеттің мәдениетімен таныстыру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | моделін әзірлеу. Балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітірген, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті ұлттық сана сезімін ояту басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ер төстік ертегісі | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылауды жалғастыру.** **(**Міндеті- Балалардың қысқы қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, ол туралы айтуға ынталандыру<br>(зерттеу) | **Көркем сөз:**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Міндетіы:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. | **Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. | **«Сақина»**<br>**Міндетіы:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу | **Ойын: «Аю жүрген орманда».**<br>Міндетіы: Қимыл қозғалысын дамыту |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Қай жерде шырылдады?»**<br>Міндетіы: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>**(коммуникативтік)** | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»**<br>дидактикалық ойын<br>**Міндетіы:** ойлау қабілетін арттыру. | **«Дәл осындай пішінді тап»**<br>Ойынның міндетіы: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>**(танымдылық)** | **«Вагондарға дөңгелек таңдау»**<br>Ойынның міндетіы: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(шығармашылық)** | **«Бізге кім келгенін тауып ал»**<br>Міндетіы: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту.<br>**(коммуникативтік)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | Өзара дербес әрекеттер | Ата-аналарға кеңес: Балалардың тазалағы жәйлі әңгімелесу | Өзара дербес әрекеттер Мультфильм көруді қарастыру | "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы : «№11 ЖББМ»КММ жанындағы мектепке дейінгі шағын орталығы**

**Топ** **«Балбөбек » әртүрлі жас**
**Балалардың жасы 2 жастағы балалар**
**Жоспар қандай кезеңге жасалды (12.02.-16.02.2024ж) 3-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу.<br>**«Орнымыздан тұрамыз»**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз. | Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қоңыздар»<br>Міндетіы: Балаларды жүгіруге, белгі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету. | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>**«Секіреміз топ-топ»**<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,<br>Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>Міндетіы: Балалардың қимыл-қоззғалыстарын арттырып, ептілікке баулу. | Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>Балаларға тақпақты қайталату арқылы қимылдар жасау.<br>**«Шынығамыз»**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>**(денсаулық)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Көркем сөз:**<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Аяз»**<br>Міндетіы: Тез жүгіруге жаттықтыру. | **«Сағат»**<br>Сағаттың тіліндей,<br>Иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей<br>Иіліп солға бір.<br>Оң аяқ, сол аяқ,<br>Жаттығу оңай-ақ.<br>Сағаттың суретін саусақпен салу.<br>**(коммуникативтік, танымдық)** | **«Топ-топ»**<br>Топ-топ, топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн<br>Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады)<br>**(коммуникативтік)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Бақа мен тырна»**<br>Міндетіы: Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды достық қарым -қатынасқа тәрбиелеу. | **«Бала, бала, балапан»**<br>Бала, бала, балапан<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Бала, бала, балапан<br>Қане, қайсы, алақан.<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>**(денсаулық)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(денсаулық, коммуникативтік)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Картотека № 13**<br>**«Үйшік»**<br>«Биік те, аласа да емес»<br>Б.қ. н.т.1-3- қолды жоғары көтереміз;<br>Б.қ.«Үйшікте кім тұрады?»<br>Б.қ. тік тұру, қол белде, аяқ алшақ;<br>1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.қ.<br>5-6- солға бұрылу; 7-8- б.қ.<br>«Аласа үйшікте кім тұрады?»<br>Б.қ. т.с. 1-2- отырып, қолды еденге қою;<br>3-4- б.қ.«Үйшікте аңдар тұрады»<br>Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде, орнында аңдар қимылын имитациялау;5. «Жеңіл жүру» | | | | |
| **Таңғы ас** | Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Жегеніміз нан болсын!<br>Айтарымыз ән болсын!<br>Тамақ берген апайға,<br>Айтарымыз оң болсын!<br>Әумин! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Міндеті- балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Бөренелерден аттап өту.<br>Допты бір-біріне еңкейіп тұрып домалату. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздер тату достармыз»**<br>**Міндетіы:** Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу.<br>Жаңа ән үйрену | **Дене шынықтыру**<br>Белгі бойынша тоқтап, жүгіру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту | **Дене шынықтыру.**<br>"Тақтай бойымен жүреміз"<br>Міндетіы. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер: Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; |
| **2-ші таңғы ас** | 2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру.<br>«Әдептілік әлемі»<br>**Міндетіы:** Әдептілік жайында әңгімелеу**.** Мейірімділікке баулу | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). | | | | |
| **Серуен** | **Шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Міндеті- шыршаның ерекшелігі - инелері түспейтіні, қыс мезгілінде де жасыл болып тұратыны, оның батыл, суықтан қорықпайтыны жайлы түсініктерін | **Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аудару, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене | **Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, міндетіқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>Балалардың назарын | **Жолдың жүру бөлігін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуід дамыту)**<br>Міндеті- жолда жүру ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>(ересектердің қолынан ұстап жүру, жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпау).<br>Мөлшерлі жүріс - қимыл | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Міндеті- Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. Шыршаға таңдану сезімін ояту, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Шырша, шырша, шыршамыз,<br>Ұнатамыз баршамыз.<br>Мереке қарсаңында,<br>Төрімізде тұрсаңыз.<br>Мәңгі жасыл көркемім,<br>Өсе берші көркейіп.<br>Неткен әсем, асылсың,<br>Жыл бойына жасылсың!<br>(Д. Қ. Бұланбаева)<br>. | мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.<br>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы?<br>Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ағайлар мен апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек.<br>- Мен өсемін,<br>Бойым өседі.<br>Ойым өседі.<br>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.<br>Жаттығу екі рет өткізіледі.<br>Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады. | өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы**<br>Міндеті- балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ,<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз,<br>құламайды екенбіз. | белсенділігін меңгеру – баяу – жылдам.<br>Балалардың серуендегі шығарылған материалмен дербес әрекеті (құмда ойнау жиынтығы, доптар, көліктер).<br>Балалардың қалаулары бойынша ойындар.<br>**Еңбек тапсырмасы:** ауладағы қарды тазалау.<br>Міндеті- ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. | байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>- Кел, балақай, қатарға,<br>Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі. | Бір -біріне шешінуге көмектесу. | Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру. | Бір -біріне шешінуге көмектесу. | **Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»** Міндетіы: Ірі құрылыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | материалдарымен және конструктормен ойындар. |
| **Түскі ас** | Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**Ас алдында айтылатын тақпақ:**<br>Ас дегенде отырып,<br>Тәрбиешіні тыңдаймыз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Орнымызды жинаймыз. | | | | |
